

Компьютерлік оқыту технологиясы



Жаңа ғасырда білім берудің жаңа жүйесінде жалпы орта білім беретін мектептерде оқытылатын пәндерді ғылыми-теориялық, технологиялық негізде оқыту мақсаты алға қойылады. Әлем ақпараттық қоғамға ақ басқан қазіргі заманда ақпараттық мәдениет деңгейі кез келген мемлекеттің дамуының басты кепілі болып отыр.

Бүгінде біз орта білім беруді одан әрі ақпараттандырудың екінші кезеңіне көштік, ол мазмұндық тұрғыда болады және компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің ілгері операциялық негіздеріне асуды білдіреді, мұнда әрбір оқушы ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, ғаламдық ақпарат желісін пайдалана алуы, әрі басқа пән сабақтарымен байланыстыра білуі керек.



Компьютерлік оқытудың ерекшеліктері

- оқушылардың өзіндік реттеу қабілетін дамыту;
 - оқушының әлеуметтік пісіп жетілген тұлғалық сапаларын тәрбиелеу арқылы оқушының өзін өзгертуге бағытталған процесс;
 - компьютер оқу процесін іскерлік тұрғыда ұйымдастырудың барынша адекватты техникалық құралы;
 - компьютер белсенді әріптес рөліне еніп, оқушылардың іс-әрекет ынтасын арттыра түседі;
 - компьютердің бағдарламалық оқыту процесінің тұтастығын бұзбастан оны оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыруға жол ашады;
- «Оқушы компьютер» жүйесіндегі оқушының оқу материалдарын меңгеруге байланысты шешім қабылдауы – оның санасында барлық жан дүниелік мүдделер мен талаптар мұқият таразыланатын жеке де күрделі процесс.



Тек «арбау», қажетті мүдделерге мәжбүр ету арқылы оқуға берік ықылас қалыптастыруға мүмкін емес. Өйткені аталған жүйеде жеке қалған бала оқу қызматының бағдарлық негіздері мен оқушының білімі мен ебделіктеріне қойылар талаптарын алған соң «ұсынылып отырған әдіспен іс-әрекеттерді меңгеру қажет пе, жоқ па?» деген сұраққа өз бетінше жауап тауып, осы жауапқа байланысты шешім қабылдауға мәжбүр болатыны түсінікті. Ол алынған ақпаратпен танысып, оны өзіндегі әлеуметтік және жан-дүниелік сезімдермен, идеялармен, мүдделермен салыстырып, олар өзара сәйкес келгенде ғана өзіне материалды меңгеруге парапар іс-әрекеттер жасауға «бұйрық» береді. Себебі дәл осы сәттен бастап оқыту мақсаты оқушының әлеуметтік, жан-дүниелік мүдделеріне сай келіп, оқу іс-әрекеттері әлеуметтік жан-дүниелік мәнділікке ие болады.

Компьютер тек техникалық қажеттілік емес, ол қарама қайшы бағдарлама қажеттілігін ұсынады. Өйіншылықтарды жеңу арқылы бір шешімді – компьютердегі іс-әрекетті оператор орындайды, ал келесі педагог шешеді.



Компьютер логикалық жұмыстарды атқара отырып тірі адамның іс-әрекетіне қатысты жұмыс істейді.

Оқытуды компьютерлендіру, яғни ақпараттандыру қазіргі дидактика мен нақты әдіс-тәсілді дамыту тенденциясы ретінде қарастырылады. Әлемді компьютер жайлаған бүгінгі күнде компьютерді тиімді де нәтижелі пайдалану үшін, біріншіден, жалпы білімдік және кәсіби сауаттылық қажет. Олай дейтініміз, компьютермен жұмыс жасағанда, қандай да болсын сөйлем қателіктерін түсінбейтін ескеру керек. Машина көмегімен бұл міндеттерді дұрыс шешу үшін көрініс нобайын не процесін дұрыс құра білу керек.


Оқыту технологиясын оқу процесіне лайықтап ұйымдастыруға ғылыми амал таппаса болмайды. Сондай-ақ, мектептің, жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасын, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін ескере отырып жаңарту шарт.

Электронды оқыту ғылыми-техникалық прогресс дамуының нәтижесінде туды. Электронды оқыту жүйесі рецептивті және интерактивті болып 2 бөлінеді. Интерактивті жүйе жеке компьютерді пайдалану, сондай-ақ бейнемагнитофон, бейнедискілі құрал және теледидар кешендері негізінде құралады. Мұндай қазіргі заманғы кешендер интерактивті оқытуда аса қымбат тұрғанымен, көрнекілік пен кері байланысты қамтамасыз етеді.

● Мектептегі, жоғарғы оқу орындарындағы компьютердің
● көптігіне қарамастан сабақтағы орталық тұлға «оқушы –
● компьютер» жүйесіндегі өзара өарым-қатынасты
● реттейтін мұғалім болып қалады. Өйткені ол – жалпы
● компьютерлік сауаттылық жағдайындағы оқу процесінің
● әдіснамасы мен әдістемесін меңгерген адам.

● Компьютерлік оқыту бағдарламалары оқытуды талдау
● мүмкіндігін кеңейтеді, яғни ол теориялық негіздерін
● құрайтын бағдарланған оқытудың жалпы ұстанымдарын
● қолдануға ыңғайлы:

- Өзара тығыз байланысты материалдарды үлкен емес
кішкене бөлшектерге бөлу (бөлік, қадам);
- Бағдарланған мәтіндерді оқып үйренуге оқушылар
белсенділігін арттыру;
- Оқушының әрбір жауабына артынша баға беру;
- Оқудың қарқыны мен мазмұнын дараландыру;
- Бағдарланған мәтіндердің эмпирикалық верификациясы
(тексеру)



Бірінші ұстаным бағдарламашы автордан оқу материалын тиянақты талдауды, мәтін бөліктері арасындағы байланыстың тығыз қисыны мен мазмұнын анықтауды талап етсе, екіншісі – жеке қадамдар мазмұнын үйренушіге терең талдаулар дағдысын қалыптастыруға бағытталған үшіншісі – оқушының жауабына бағасын тез арада хабарлап, дұрыс жауап берген болса келесі қадамға өтуіне рұқсат береді. Төртінші ұстаным оптималды оқу қарқынын дараландыруды қамтамасыз етеді, ал бесінші – бағдарламашы авторға әрбір оқушының мүмкіндігінне орай қиындық дәрежесін реттеуді міндеттейді.

Компьютерлік технология бағдарламалап оқыту идеясына негізделген, оның қазіргі заманғы гипермәтін, мультимедиа, демонстрациялау сияқты операцияларды орындауға мүмкіншілігі өте жоғары.

Оқытудың жаңа ақпараттық (компьютерлік) технологиясы – бұл мәліметтерді компьютер арқылы дайындап, өңдеп, оқушыға (тұтынушыға) жеткізу процесі.

Компьютерлік технология төменгі 3 нұсқада іске асады:

- ✓ Компьютерді жекелеген тақырып, тақырыпшыларға қолдану, яғни «сіңіру» технологиясы;
- ✓ Берілген технологияның ең маңызды негізгі функциясын анықтайтын бөлігі;
- ✓ Монартехнология, яғни барлық оқыту, басқару, бақылау тек қана компьютерді қолдануға сүйенеді.

Тұжырымдық ережелері:

- ✓ Оқыту – оқушының компьютермен жұмыс істеуі;
- ✓ Бейімделу ұстанымы, яғни компьютерді баланың жеке ерекшеліктеріне қарай ыңғайлау;
- ✓ Оқытудың диалогтық сипаты;
- ✓ Басқару: кез-келген уақытта мұғалімнің түзетуі болуы мүмкін;
- ✓ Баланың компьютермен өзара қатынасы «объект» бойынша;
- ✓ Жеке және топтық жұмыстың тиімді үйлестірілуі;
- ✓ Оқушының компьютермен жұмыс кезінде психологиялық қолайлы жағдай туғызу.



Компьютердің мұғалім ретінде атқаратын қызметі: мұғалім мен оқулықты толықтай ішінара алмастыратындай білімдік ақпарат көзі; мультимедиа және телекоммуникацияның жаңа мүмкіндіктері негізіндегі көрнекті құрал; жеке ақпараттық кеңістік; тренажер; талдау және тексеру құралы.

Жұмыс құралы ретінде: мәтінді дайындау және есте сақтау құралы; мәтіндік редактор; сызба, кесте, графикалық редактор; есептегіш машина; нобайлау құралы.

Компьютердің оқыту объектісі ретінде атқаратын қызметі: берілген тапсырмаға сәйкес бағдарлама түзу, бағдарламалар жинағын жасау.

XXI ғасыр-ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны толастаған ақпараттар ғасыры. Үшінші мыңжылдықта дыбыстық, графикалық, видео, мультимедиялық, интерактивтік тақта, гипермәтіндік элементтермен оқытатын қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану мүмкіндігі туды.



Назарларыңызга рахмет!